«Бекітемін» _____
Мектеп директоры Н.Н. Есқазиева
«31» _____ 2022-2023 оқу жылы

«Келісемін» _____
Тәрбие ісінің меңгерушісі Е. Жаманбай
«31» 08 2022-2023оқу жылы

«Байғанин орта мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары

Түсінік хат

Еліміздің үлкен тірегі болатын жас ұрпақтың терең білімді, жан-жақты зерек тұлға болуы заман талабы. Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты оқыту үрдісін ұйымдастыруды оқушы, мұғалім және жалпы мемлекеттік білім жүйесінің даму және өзіндік дамуын реттейді және ҚР білім туралы заңында атап көрсеткендей әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық –физиологиялық жеке ерекшеліктері ескеріле отырып барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Психологиялық қызмет көрсету Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы Заңы», Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, «Неке және отбасы» туралы, «Бала құқықтары туралы конвенция», «Кәмелетке толмаған арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 11 қарашадағы №458 бұйрығы және Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.07.2015 жылғы №257 қаулысымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» басшылыққа алынды. Сонымен қатар, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы 17 маусымдағы № 165 бұйрығы негізінде,білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында психологиялық қызметтің есепке алудың электронды журналын жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысымен бекітілген «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы» үлгілік ережесіне сәйкес , мектепішілік мобильдік топ құрылды

Жылдық жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрық негізінде жасалды.

Психологиялық қызметтің мақсаты:

Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

(«2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ. (2.2. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктер. 45 бет))

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.
- Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру(алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Ата – анамен жұмыс жасаудың мақсаты:

Білім алушы мен ата – ана арасында тығыз достық қарым – қатынас құруына жағымды әсер ету
Ата-аналарды диагностикалау;
Ата-аналарға ағарту және алдын-алу жұмыстарын жүргізу;
Жеке және топтық кеңестер беру;

Мұғалімдермен жұмыстың мақсаты:

Білім алушылардың дамуындағы психологиялық - педагогикалық мәселелерді бірігіп шешу.
Білім алушының білім алуы мен дамуын қалыптастыруына ықпал ететін әлеуметтік – психологиялық ортаны жобалау және жүзеге асыру.
Педагог пен білім алушы қарым-қатынасындағы педагогикалық стильді оңтайландыру;

ИНТЕРНЕТ КОММУНИКАЦИЯНЫҢЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ:

түрлі мессенджерлер арқылы (Zoom, BilimLand, электронды пошталар, мектеп сайты, WhatsApp

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс(есеп беру құжаттары ұсыныстар, жадынамалар әзірлеу, медиобазалар құру)

Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Психологиялық диагностиканың мақсаты:

Баланың тұлғалық немесе интеллектуалдық дамуындағы құндылықтарды анықтау. Психологиялық диагностика мәселені анықтау, жеке немесе топтық жоспарлау, әдістемелік құралдарды таңдау сатылары бойынша жүзеге асады.

Психологиялық түзету - дамыту жұмысының мақсаты:

Білім алушының бойында «мен» тұжырымдамасын қалыптастыра отырып, психологиялық қолдау беру және жетістік ситуациясын орнату. Психологиялық диагностика жұмысының нәтижесі бойынша түзету - дамыту жұмыстарын жүргізу.

Психологиялық алдын – алу жұмысының мақсаты:

Жасөспірімдердің психологиялық, эмоционалдық күйін реттей білу, зиянды әрекеттерден бойын аулақ ұстауға қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Психологиялық кеңес беру жұмысының мақсаты:

Білім алушы, ата – ана және педагогикалық ұжымға күнделікті туындайтын қиындықтарды шешуге және өзін – өзі жетілдіруге көмектесу. Психологиялық кеңес беру оқу мәселесі, жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелер, өзара қарым – қатынас құру, кәсіптік бағдар т.б. мәселелерге байланысты жүргізіледі.

Әлеуметтік - диспетчерлік қызмет жұмысының мақсаты:

Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шараларын ұйымдастыру.

Кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша аралас мамандармен жұмыс жүргізу

Қыркүйек айы

№	Іс-шаралар	Жұмыстүрлері	Нысананалы топ	Орындаумерзімі	Ескертулер	Есептілікнысаны
			.Диагностикалау			
1	Керн-Йирасектің баланың мектепке дайындығын анықтау	Балалардың мектепке дайындығын анықтауға арналған тест	1 кл	Қыркүйек 2 апта	Ұсыныс	Хаттама
2	«Басса –Дарки».	Агрессия түрін анықтауға	6-11кл	Қыркүйек 2-3 апта	Ұсыныс	Хаттама
3	Темперамент	Жеке мінез типін анықтауға арналған тест	5-11сынып	3-4 апта қыркүйек	Ұсыныс	Хаттама
4	«Сөздерді есте сақта», «Артығын тап»,	Әдістеме жеке	Инклюзив оқушымен	3-4 апта	Ұсыныс	Хаттама
			II.Түзету-дамытужұмысы			
1	«Мектепке көңілді барамыз» психологиялық тренинг	Балалардың бейімделуін қалыптастыру тренинг	1 кл	Қыркүйек 2 апта	Ұсыныс	Хаттама фото
2	«Біз 5-ші сыныпқа көштік»	Балалардың бейімделуін қалыптастыру тренинг	5кл	Қыркүйек 2апта	Ұсыныс	Хаттама фото
3	«Басса-даркиға түзету тренинг	Түзету сабағы	Қорытындысына қарай өткізу	3-4-апта қыркүйек	Ұсыныс	Хаттама фото-есеп
			III.Профилактикажәнепсихологиялықағарту			
1	«Әрбір отбасы –өз бақытының шебері» ҚР отбасылар күні	Отбасы күніне арналған тренинг	1-9 кл	Қыркүйек 2 апта	Ұсыныс	Хаттама
2	Бейімделу кезеңінің маңыздылығы (ата-ана,педагог) «Баланы мектепке қалай тез бейімдеуге болады? »	Жиналыс	Ата-ана	Қыркүйек 1 апта	Ұсыныс	Хаттама
			IV.Консультацияберу			
1	1,5 сынып оқушыларының бейімделуі кеңес беру	Жеке және топтық	1, 5 кл	Қыркүйек	Ұсыныс	Кеңес беру журналына тіркеу
2	Оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге кеңес беру	Балалардың агрессивті мінез-құлығын түзету және алдын алу бойынша кеңес	Ата-аналар оқушылар мұғалімдер Қыркүйек		Ұсыныс	Кеңесберужурналынатіркеу

Қазан айы

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыстүрлері	Нысананалытоп	Орындаумерзімі	Ескертулер	Есептілікнысаны
			.Диагностикалау			
1	Р. Гудман сауалнамасы. Күшті жақтары мен қиындықтары (КЖҚ) (Жаһандық қызмет ету)	Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау	5-7 кл	Қазан 1-2 апта	Ұсыныс	Хаттама
2	Дасс сауалнамасы	Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау	8-11кл	Қазан 1-2 апта	Ұсыныс	Хаттама
3	Зунге сауалнамасы	Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау	6-7 кл	Қазан 3-апта	Ұсыныс	Хаттама
4	Мектептік мотивация әдістемесі (Н.Г.Лусканов)	Оқу мотивациясын, пәнге қызығушылығын анықтау тесті	5класс	4- апта қазан	Ұсыныс	Хаттама
			II.Түзету-дамытужұмысы			
1	«Біз біргеміз!» психологиялық тренинг	Оқушыларды ұйымшылдыққа бірігіп жұмыс жасауға бейімдеу тренингі	5-11 кл	1- апта	Ұсыныс	Хаттама, фото
2	«Сиқырлы саусақтар», «Айқасқан қадамдар» жаттығулар	Оқушының танымдық қабілеттерін дамыту	Инклюзив оқушымен	2-апта қазан	Ұсыныс	Хаттама, фото-есеп
3	Гудманға түзету жаттығулары	Топтық Түзету сабағы	5-7класс қорытындысына қарай	3-апта	Ұсыныс	
			III.Профилактикажәнепсихологиялықағарту			
1	«Бөгде адамдармен қарым-қатынас жасау, жеке тұлғалық қауіпсіздігі»	Буллинг/Кибербуллинг (зорлық-зомбылық, достық қарым-қатынас)	2-11 кл	4-қазан	Ұсыныс	Хаттама
			IV.Консультацияберу			
1	Педагог	Дасс, Зунге сауалнамалары бйыншапедагогтерге ұсыныс беру	Педагог	қазан	Ұсыныс	Кеңес беру журналына тіркеу

Қараша айы

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыстүрлері	Нысананалытоп	Орындаумерзімі	Ескертулер	Есептілікнысаны
			.Диагностикалау			
1	Стот әдістемесі (ЕНТБ) моб.топқа бақылау	Әлеуметтік ортаға бейімделмеу көрсеткішін анықтау	1 – 11 кл	Қараша 1-апта	Ұсыныс	Хаттама
2	З.Королева (проективті әдістеме)	Аутодеструктивтіәркетке бейімділік	3-5кл	Қараша 2-апта	Ұсыныс	Хаттама
3	Социометрия (Дж.Морено)	Қарым-қатынасты анықтауға арналған әдістеме	5-11 кл	Қараша 3-4 апта	Ұсыныс	Хаттама
4	«Ата – ананың баламен өзара әрекеттесуі»	Кіші буын оқушылардың ата – аналарымен қарым – қатынасын анықтау	Ата – ана (кіші буын)	Қараша	Ұсыныс	Хаттама
			II.Түзету-дамытужұмысы			
1	«Үш құбылыс» психологиялық тренинг	Оқушылардың есте сақтау, қабылдауын жақсарту	1-5 кл	Қараша 3апта	Ұсыныс	Хаттама, фото
2	Тимбилдинг/ойындар	Оқушыларды біріге отырып ұйымшылдықпен жұмыс жасауға дағдыландыру	7-9 кл	Қараша 4 апта	Ұсыныс	Хаттама,фото
			III.Профилактикажәнепсихологиялықағарту			
1	ҰБТ-ныңпсихологиялық ерекшеліктері .	Сұхбат, тренинг	11 сынып	Қараша 2 апта	Ұсыныс	Хаттама
2	«Жасерекшелік психологиясы»	Жасөспірім мінез-құлқы туралы ақпарат, кеңес	Ата-ана	Қараша 1 апта	Ұсыныс	Хаттама
			IV.Консультацияберу			
1	Білім алушы	Диагностика қорытындысы бойынша жартылай құрылымдық сұхбат; сұраныс бойынша	1-11кл	Қараша	Ұсыныс	Кеңес беру журналына тіркеу

Желтоқсан айы

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыстүрлері	Нысананалытоп	Орындаумерзімі	Ескертулер	Есептілікнысаны
			.Диагностикалау			
1	Таным процестерін зерттеу	Әдістеме топтық	Инклюзив оқушымен	2 апта желтоқсан	Ұсыныс	Хаттама
2	«Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі бойынша» оқушыларғаанкета	Анкетатоптық	6-7-8 кл	3-апта желтоқсан	Ұсыныс	Хаттама
			II.Түзету-дамытужұмысы			
1	«Құпия дос» акциясы	Топтық акция	5-11 класс	Желтоқсан 3апта	Ұсыныс	Хаттама, фото-есеп
2	«Ұжымдағы үйлесім қарым-қатынас»	Тренинг	Педагог	Желтоқсан 2 апта	Ұсыныс	Хаттама, фото
			III.Профилактикажәнепсихологиялықағарту			
1	«Қыздар сұлу көрінер қылығымен»	Дәріс және тәжірибе	9-11 сынып	Желтоқсан 3апта	Ұсыныс	Хаттама
2	«Қар лақтыру», «Эксперимент», «Аннаграмалар құру»	Тренинг-сабақ	Дарынды оқушы	Желтоқсан 1 апта	Ұсыныс	Хаттама
			IV.Консультация беру			
1	Білім алушы, педагог	Диагностика қорытындысы бойынша; сұраныс бойынша	1-11кл	желтоқсан	Ұсыныс	Кеңес беру журналына тіркеу

Қаңтар айы

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыстүрлері	Нысананалытоп	Орындаумерзімі	Ескертулер	Есептілікнысаны
			.Диагностикалау			
1	Басса –Даркиәдіәстемесі.	Агрессия түрін анықтауға арналған сауалнама	6-11кл	Қаңтар,1- 2 апта	Ұсыныс	Хаттама
2	«Дж. Голланд» сауалнамасы	Топтық Кәсіби бағдар сауалнамасы	9-11 класс	3 апта Қаңтар	Ұсыныс	Хаттама
			II.Түзету-дамытужұмысы			
1	«Мен таңдаған мамандық!»	Оқушылардың мамандыққа баулу	9-11 кл	Қаңтар 3-апта	Ұсыныс	Хаттама,фото
2	Кинотерапиямотивацияға бағытталған	Түзету сабағы	6-11 кл	Қаңтар 4-апта	Ұсыныс	Хаттама,фото
3	«Сиқырлы суреттер»	Арттерапия сабағы	Инклюзив оқушы	Қаңтар 1-апта	Ұсыныс	Хаттама,фото
			III.Профилактикажәнепсихологиялықағарту			
1	Буллинг, Кибербуллинг. Балаларға қалай көмектесуге болады?	Буллинг, кибербуллинг туралы ақпараттандыру , кеңестер беру	Ата-ана	Қаңтар 3апта	Ұсыныс	Хаттама
2	«Менің таңдауым-жетістіктің кілті»	Тренинг	11кл	Қаңтар 2 апта	Ұсыныс	Хаттама
3	«Уақытты басқару», «Жетістікке жету жолы»	Тренинг-сабақ	Дарынды оқушы	Қаңтар 4 апта	Ұсыныс	Хаттама
			IV.Консультация беру			
1	11 сынып оқушыларына кеңес	Мамандық таңдауға бағыт бағдар беру. Диагностика қорытындысыбойынша; сұранысбойынша	11 кл 1-11кл	Қаңтар	Ұсыныс	Кеңес беру журналына тіркеу

Ақпан айы

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыстүрлері	Нысананалытоп	Орындаумерзімі	Ескертулер	Есептілікнысаны
			.Диагностикалау			
1	Р. Гудман сауалнамасы. Күшті жақтары мен қиындықтары (КЖҚ) (Жаһандық қызмет ету)	Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау	5-7 кл	Ақпан 1-2 ақпан	Ұсыныс	Хаттама
2	Э.П.Торренстің шығармашылық ойлау тесті (дарындылық қабілеті анықталған оқушымен)	Шығармашылық қабілеттерін диагностикалауға арналған.	Дарынды оқушылар	Ақпан 2 апта	Ұсыныс	Хаттама
3	Қыз балаларға арналған сауалнама	Қыз баланың ерекшеліктері, құндылықтары, қызығушылықтарын танып білу	7-11 кл	Ақпан 3 апта	Ұсыныс	Хаттама
			II.Түзету-дамытужұмысы			
1	«Емтихан» іскерлік ойын	Тренинг	9,11кл	Ақпан 1апта	Ұсыныс	Хаттама,фото
2	«Өзің таңдаған өмір»	Психологиялық тренинг	8-11кл	Ақпан 2апта	Ұсыныс	Хаттама,фото
3	«Үлгі бойынша сурет салайық»	Психомоторика және үрдісті дамыту сабағы	Инклюзив оқушымен	Ақпан 4апта	Ұсыныс	Хаттама,фото
			III.Профилактикажәнепсихологиялықағарту			
1	«Мереке»	Психологиялық акция	5-7кл	Ақпан 4апта	Ұсыныс	Хаттама
2	«Мамандар пікірі»	Кездесу кеші	9-11 сынып	Ақпан 4 апта	Ұсыныс	Хаттама
			IV.Консультация беру			
3	Педагог, білім алушы	Диогностикақортындысы бойынша кеңес	5-7 кл	Ақпан	Ұсыныс	Кеңес беру журналына тіркеу

Наурыз айы

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыстүрлері	Нысананалытоп	Орындаумерзімі	Ескертулер	Есептілікнысаны
			.Диагностикалау			
1	Дасс сауалнамасы	Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау	8-11кл	Наурыз 1-2 апта	Ұсыныс	Хаттама
2	«Климов әдістемесі	Мамандық таңдауға арналған сауалнама	9-11 кл	Наурыз 3 апта	Ұсыныс	Хаттама
			II.Түзету-дамытужұмысы			
1	Тимбилдинг	Топтық	8-11 сынып	Наурыз 2 апта	Ұсыныс	Хаттама,фото
2	«Өмірің өз қолында»	Дәріс-сабақ,видео	8-11 сынып	Наурыз 2апта	Ұсыныс	Хаттама,фото
			III.Профилактикажәнепсихологиялықағарту			
1	EQ- әлеуметтік бейімделу негізі «Эмоцияның күш қуаты»	Тренинг-сабақ	7-9 сынып оқушылары	Наурыз 3 апта	Ұсыныс	Хаттама
2	«Әжемнің әңгімесі»	Дөңгелек үстел	7-11 сынып қыз балалары	Наурыз 3апта	Ұсыныс	Хаттама
			IV.Консультация беру			
1	Білім алушы	Диагностика қортындысы бойынша кеңес	8-11кл	Наурыз	Ұсыныс	Кеңес беру журналына тіркеу

Байғанин орта мектебі бойынша

психологиялық қызметінің 2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстар туралы

Талдау

Байғанин орта мектебі бойынша жаңа оқу жылына байланысты, яғни 2019-2020 жылға жұмыс жоспары жасалды.

Психологиялық қызмет 25.08-30.08 2019жылы 1-ші класка келетін оқушыларды қабылдаудың жұмысын бастады. 2019-2020 жылына арналған психологиялық жұмыс жоспары бекітілді. 1-классқа келетін оқушыларды Керн-Иирасектің тестік диагностикасы арқылы зерттеу жүргізіліп,қортындысы шығарылды. Зерттеу қортындысы бойынша «өте жақсы» дайындықпен 9оқушы, «жақсы» дайындықпен 12оқушы, «орташа» дайындықпен 13 оқушы «төмен» дайындықпен 4оқушы келген. Мұғалімдерге қортындысы шығарылып,кеңестер берілді. Жалпы мектепте оқитын оқушылар саны кластар бойынша шығарылды,әлеуметтік паспорты,қамқоршысы бар оқушылар тізімі де алынды. Сонымен бірге дарынды оқушылар тізімі де алынды. Бірінші кластардың танымдық процесі деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді. 5-кластардан «Менің сүйікті мұғалімім», «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі алынды. 5-11класс оқушыларының темперамент типтері анықталды. 5-7 кластар арасында флегматик-50, сангвиник-15, холерик-5,меланхолик-18,аралас тип-11 бар. 8-11кластар арасында флегматик-37, сангвиник-21, холерик-17,меланхолик-20, аралас тип-14 оқушы бар. Бастауыш кластар арасында флегматик-35, сангвиник-21, холерик-27,меланхолик-7,аралас тип-10 оқушы бар болып шықты. 5-11 кластарлан «Лусканованың сауалнамасы» әдістемесі алынды. Мақсаты: Мектеп оқушыларының оқу мотивациясының деңгейін анықтау.

Сонымен бірге 7-11 кластардан ШТУР әдістемесі алынды. 5-6 кластардан логикалық ойлау деңгейін анықтау мақсатында логикалық тапсырмалар алынды. 7-10 кластар арсында «Ақыл-ой дамуының мектептік тесті» АДМТ әдістемесінің №1,2 тапсырмалар өткізілді. 11-кластар арасында «Мен» концепциясын қалыптастыру мақсатында «Мен және менің ортам» тренингі өткізілді. «Өз балаңа үлгі бол» тақырыбында 1-сынып оқушыларының ата-аналарына конференция өтті. 5-11 кластар арасында «Социометрия» әдістемесі алынып, класс лидері анықталды. «Мамандық таңдауға бейімделу» сауалнамасы 9-11кластардан алынды. Мұғалімдермен жоспар құрылды, 1-5 сыныптың жетекшілерімен сұхбат оқушылардың мектепке қалыптасуы туралы жеке кеңестер берілді. «Жас келсе іске» жас мамандармен тренинг жүргізілді. 5класс пән мұғалімдеріне оқушылардың «5-класка бейімделу» тақырыбында кеңес беріліп,лекция оқылды. 5-класс оқушылары мен ата-аналарынан сауалнамалар алынды. Мүмкіндігі шектеулі оқушылар мен үйден оқитын оқушылардың құжаттары толтырылып,ата-аналарына кеңестер берілді. 1-кластың даму деңгейі зерттеліп, нәтижесі шығарылды.. Бастауыш класс оқушыларынан « Менің жанұям» тақырбында суреттер салынды. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» атты 5- сыныптар арасында тренинг жүргізілді. Ата –аналар жиналысында «Баланы адамгершілікке тәрбиелеу » атты баяндама оқылды. 3кл ата-аналарымен тренинг жүргізілді. Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол салу мәселесі бойынша 8 класс оқушылыарының ата-аналарына баяндама оқылды. 3кл ата-аналарынан « Мен баламды

жақсы білемін бе» сауалнамасы алынды. Бала-отбасының айнасы 4 класс ата-аналарына тренинг жүргізілді. 9-11 сынып оқушыларынан «Мамандық туралы хабар» сауалнамасы алынды. 1 сынып оқушыларынан мектепке бейімделу деңгейін арттыруға бағытталған түзету-дамыту сабағы жүргізілді. 7-11 сынып оқушыларынан « АДМТ» №3,4 тапсырмалары алынды. 10-11 сынып оқушыларынан «Табандылықты зерттеу» анкетасы алынды. Юннесеф жобасы бойынша балалардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайының алдын-алу және анықтау мақсатында 7-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. 10 сынып оқушылармен «Адам үшін ең қымбат не?» тақырыбында тренинг сабағы жүргізілді. « Құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылық әлеуметтік дерт» атты 9-11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстелі өткізілді. 8 сынып оқушыларына «Өмір,сен қымбатсың маған» атты психологиялық тренинг сабағы жүргізілді. 11 сынып оқушыларға «ҰБТ-ға дайындық» мини-ликция өткізіліп, «К. Томстың», «Стрессіз өмір сүру мүмкін бе?» тестілері алынып,қортындыланды. Бірінші сыныптар арасында суреттерді салыстыр және артығын тап әдістемесі алынды. 2-ші сыныптардан «Ерекше сөз» тестісі алынды. 3-4 ші сынып оқушыларынан темперамент типі анықталды. 6-9 сыныптардан оқушылардың шығармашылық қабілетін диагностикасы алынды,оқушылардың шығармашылық қабілетінің жоғары,орташа,төменгі деңгейлерін анықтау мақсатында 6 сыныпта жоғары деңгей- 22 оқушы,орташа-8оқушы,төменгі -2оқушы болды. 7сыныпта жоғары деңгей-11 оқушы,орташа-7оқушы,төменгі-3оқушы болды. 8 сыныпта жоғары деңгей-23оқушы,орташа-4оқушы,төменгі-2оқушы болды. 9 сыныпта жоғары деңгей-21 оқушы, орташа-8 оқушы, төменгі-4 оқушы болды. 9-сынып оқушыларынан «Мамандық туралы хабар» мақсатында сауалнама алынды. 11сынып ҰБТ-ге дайындалуға арналған тренинг сабақтары мен кеңестер жүргізілді. 9-11 сыныптар арасында «Мақсат-жетістік желкені» тренинг сабақ жүргізілді. 8-11 сыныптардан оқушыларынан Ч.Д.Спилберг және Ю.Д.Ханиннің «Реактивті және тұлға мазасыздық деңгейін анықтау» мақсатында сауалнама алынды. Ситуациялық мазасыздық шкаласы-110 . Жеке мазасыздық шкаласы-5. 8 сыныптармен «Мен мейірімді адаммын» 10-11сыныптармен «Қайырымдылық имандылық белгісі» атты тренинг сабақтары жүргізілді. Үйден оқытатын мұғалімдерге кеңестер берілді. «Сіз қандай мұғалімсіз?» сауалнамасы алынды. 11-ші сынып ата-аналарынан «ҰБТ-ге көзқарасыңыз қандай?» сауаланамасы алынып кеңестер беріліп тренинг жүргізілді. 7-8 сынып ата-аналарымен «Ата-ана махаббаты» атты тренинг жүргізілді. Ата-аналарға мамандық таңдау бойынша кеңестер мен ұсыныстар айтылды. 11-ші сыныптарға «Стрестің пайда болуы және онымен күресу жолдары» мини лекция оқылды. Қиын оқушыларға «Мен қандаймын әдістемесі» алынды. Алынған зерттеулердің қорытындылармен класс жетекшілерге тапсырылды. Істелінген жұмыстардың нәтижесін қорытындыланды.

Байғанин орта мектебінің психологиялық қызметінің суицидтің алдын-алу мақсатында төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын-алуға бағытталған жұмысты ұйымдастыру бойынша ата-аналармен және оқушылармен мектеп инспекторы кездесіп лекция оқылды. Құқық қорғау органдары қызметкерлермен бірлескен рейдтер жасалынды.7-11 сыныптарға «Өмір мәні» атты тренинг өткізілді. 8-11 сыныптардан оқушыларынан Ч.Д.Спилберг және Ю.Д.Ханиннің «Реактивті және тұлға мазасыздық деңгейін анықтау» мақсатында сауалнама алынды. Юнисеф жобасы бойынша балалардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайының алдын алу мақсатында 7-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы

бойынша ешкандай бала өз-өзіне кол салу фактісі анықталған жок. Құқық корғау органдары қызметкерлермен бірлескен рейдтер жасалынды. 10 сынып оқушылармен «Адам үшін ең қымбат не?» тақырыбында тренинг сабағы жүргізілді. «Құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылық әлуметтік дерт» атты 9-11 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. 8-сынып оқушыларының арасында «Өмір сен қымбатсың маған» атты психологиялық тренинг сабағы өтті.

2-11 сыныптар арасындағы дарынды оқушылар тізімі алынды. Дарынды оқушылардың темперамент типтері алынды. 7 оқушы сангвиник, 3 оқушы флегматик, 2оқушы холерик, 4 оқушы аралас тип болып анықталды. 5-7 класс оқушыларынан логикалық ойлау деңгейі анықталды 10 сұрактан тұратын. Ең жоғары 10 балды 3 оқушы, 9 балды 5 оқушы, қалғаны орташа балл алды. 7-11 кластардан «Ақыл-ой дамытудың мектептік тесті» №1-2 әдістемесі алынды. 8-11кластардан ШТУР тестісі алынды. Мектеп бойынша интелектуальдық қабілеті жоғары-53 оқушы, шығармашылық қабілеті жоғары- 50 оқушы, спортқа бейім- 75 оқушы,әлеуметтік көсбасшы-15 оқушы анықталды. Оқушылардың мектепшілік және аудандық сайыстарға және ғылыми жарыстарға қатысар уақытында психологиялық көмектер беріледі.

1класс оқушыларының бейімделуіне байланысты танымдық прцестері зерттелді. Бұл зерттеулерге анкета, Р әрпін айтуы,санау,түстерді айыруы,заттарды атауы, фигуралардың атын білуі естіп есте сақтауы, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ жауап әдістемелері өткізілді. Жалпы балалар анкетаға толық жауап беріп отырды,түстерді айыруы,заттарды атын білуі жақсы, бір оқушының Р әрпіне тілі келмейді екен, екі бала санауы 10 ға дейін ғана білді. Барлық балалар да ұғымдарды жақсы түсініп,біліп отырды.

Психологиялық қызметтің жоспары бойынша 1 класс оқушыларының мектеп және оқу процесіне бейімделуін дамытуға арналған жаттығу жұмыстары жүргізілді. 5 класс оқушыларының бейімделуін дамыту мақсатында «Біз 5-сыныпқа бардық», «Мектепке қарым-қатынас», 11 класс оқушыларымен ҰБТ-ке байланысты «Мен өзіме сенемін!», даярлық топтарына «Геометриялық пішіндердің психологиялық қасиеттері», жасөспірімдермен «Құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылық әлеуметтік дерт», «Қайырымдылық-имандылық белгісі» «Мен және менің ортам» «Өмір мәні» «Кең болсаң кем болмайсын» «Өмір-сен қымбатсың маған» коррекциялық және профилактикалық жұмыстар өткізілді. Кеңес беру бағыты бойынша 1 класс оқушыларының ата-аналарына «Өз балаңа үлгі бол» деген тақырыпта баланың мектепке дайындық түрлерін, ата-ананың қателесуі мүмкін тұстарын, баланың жас ерекшелігі туралы кеңестер берілген. Мектепке бейімделуден қиындық көріп жүрген оқушылардың мұғалімдері мен ата-аналарына жекелей кеңестер берілген. 1 класс және 5 класс оқушыларының бейімделуі педагогикалық кеңесте қаралған. Жас мамандарға арналған « Жас маман» «Қобалжудың алдын алу» анкеталары толтырылып, педагогикалық кадрлардан психологиялық тест алынған«Жас келсе іске» «Өмір әр минут ғажайыпқа және мәңгілік жастыкка толы».тренинг кеңестер жүргізілді. Мектепке бейімделуге деген көзқарастарын анықтау мақсатында алынған сауалнама корытындысы бойынша:

р/с	Сұрақтар	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
1	Оқушылардың жауабы	65%	35%	-
2	Мұғалімдердің жауабы	95%	5%	-

3	Ата-аналардың жауабы	60%	35%	5%

Дарынды балалармен 1 класс оқушыларына балалардың даму деңгейін анықтау, ШТУР ақыл-ой дамуының мектептік тесті Айзенктің дарынды балаларды анықтауға арналған диагностика жұмыстары, «Дарындылық картасы» әдістемесі, дарындылық пен қабілеттерді дамытуға арналған жаттығу түрлері, логикалық ойындар ұйымдастырылды.

«Тәуекел тобы» және мектепішілік есепте тұрған оқушылармен жұмыс.

Жылдары	Мектепішілік	Тәуекел тобы
2019 – 2020 оқу жылы	1	11

«Тәуекел» тобы және мектепішілік есепте тұрған оқушылармен жеке басын зерттеу, бақылау картасы толтырылды. «Өзің таңдаған өмір», «Бәріміз бірге», «Өмір баға жетпес сый» «Мен мейірімді адаммын», «Дос болып жүрейік» тренингтер,«Басса - Дарки» сауалнамасы, жобалау тесттері, тәрбиелік деңгейін анықтау, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу бойынша сауалнамалар, мінездемелер толтырылды. Ақтөбе қалалық білім бөлімінің 17 ақпан 2016 жылғы №191 бұйрығы негізінде ЮНИСЕФ жобасы бойынша төрт тоқсан сайын СМИЛ әдістемесі бойынша диагностика алынып отырды. Үрей туғызатын оқушылар жоқ. Өзін – өзі бағалау әдістемесі, темперамент типтері, мектепке бейімділігі, көріп және естіп есте сақтау, суицидке бейімділігінің анықтау тесттері және жобалау тесттері өткізілді. 9-11 класс оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында мамандық таңдауға байланысты сауалнамалар алынып, тренингтер, кеңестер берілді.

Жұмыстардың мазмұны	Оқушылар саны	Ата-аналар саны	Ұстаздар саны	Басқа мектеп психологтары
Жеке-дара берілген кеңестер саны	5	3	2	-
Жеке-дара жүргізілген зерттеу жұмыстарының саны	3	2	2	-
Топтық берілген кеңестер саны	9	5	2	-
Топтық жүргізілген зерттеу жұмыстарының саны	25	-	-	-
Семинарлар саны	-	-	-	-
Ашық сабақтар мен дөңгелек үстелдер саны	3	1	-	-

Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы Р.П.Шердің 8 ақпан 2010 жылғы «Сенім телефонының» жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің №258 бұйрығын негізге ала отырып мектепте «сенім» телефоны және «сенім» жәшігі ұйымдастырылды. Байғанин орта мектебі бойынша «Сенім жәшігі» жыл бойы ашылды онда ешқандай сұрақтар болған жоқ.

Жылдары	Сенім телефоны	Сенім жәшігі
2019 – 2020 оқу жылы	-	-

Сұраныс бойынша оқушылара, ата-аналарға ақыл-кеңестер берілді. Өткізілген шаралардың қорытындылары шығарылып, класс жетекшілеріне таныстырылып отырылды.

Мектеп директоры: **Н. Есқазиева**

Мектеп психологі: **Э. Султангубиева**